

Рысбекова Ш.С.¹ Дуйсенбаева А.К.²

¹философия ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: rsbkva.sh@gmail.com

²доктор PhD, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: albina87.03@yandex.kz

ДІНАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР: МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Мақалада дінаралық қатынастардың формалары мен қазіргі таңдағы көріністері жан-жақты зерттелген. Дінаралық қақтығыстар мен байланыстардың күрделі көріністеріне нақты талдау жасалып, анықтамалар берілген. Тарихы мен мәдениет жүйесіндегі көріністерін зерттей отырып, жалпы әлемдік тәжірибемен салыстырмалы талдау жасалынған. Қоғамның түрлі саласындағы көріністеріне назар аударту арқылы түрлі шешімдерді талқылайды. Мемлекет аралық, конфессия аралық, әлемдік және экуменистік тәжірибелерді саралау арқылы аталмыш тақырыптың шешу жолдарын қарастырады және қазіргі таңдағы әлемдік аренада қандай маңызға ие екендігін көрсетеді. Көптеген дәстүрлі емес дін өкілдерінің өзге діндегі адамдарды қабылдауы, дәстүрлі діндердегі көрініспен салыстыра қарастырылып, локальды дінаралық қабылдау феномені түсіндіріледі. Дінаралық қақтығыстарды шешу маңыздылығы мен діни тұрақтылықтың күрделілігі туралы ғылыми негізделген көзқарастар ұсынылады. Мәдениеттердің кездесуі кезіндегі өзара ықпалдастығы нәтижесінде туындайтын дінаралық қатынастардың орын алуы мүмкін салдарлары талданады. Осы мәселеге байланысты Буддизм, Иудаизм, Христиандық, Ислам діндері ілімдеріндегі дінаралық қатынастар постулаттары талданған. Мәселен, дінаралық дискриминацияны, төзімсіздіктің күшеюі, толеранттылықтың жойылуы, бассыздық, агрессияның орын алуының алғышарттары қарастырылып алдын-алу жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: Дінаралық қатынастар, дінаралық қақтығыстар, дін және мәдениет, дінаралық қатынастар формалары, дінаралық тұрақтылық.

Rysbekova Sh.S.¹ Duysenbaeva A.K.²

¹doctor of philosophical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh national University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: rsbkva.sh@gmail.com

²doctor PhD, Egyptian University of Islamic culture “ Nur-Mubarak»,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: albina87.03@yandex.kz

Interreligious relations: essence and content

In this article, there were researched and discussed forms and signs of interreligious relations. Complicated cases of interreligious sfrives and conflicts were analysed and provided exact definitions of existing situations. The rewerecon ductedinvestigationsbasedondynamycandprogress (evolution) ofvariousreligiousstreamsduringlastseveralyears, their history, culture and traditions in the relevant regions, by method of comparative analysis with global research experiences.In order to stabilize and improve interreligious relations, there were discussed various methods of influencing to the audience and presented, by drawing attention to incidents in various areas of society. Intergovernmental, interfaith, global and ecumenistic experiences were analyzed, based on which the ways of solving the most important tasks were considered, which today are of significant importance on the world stage. There were presented explanatory lectures (materials) to emphasise the importance of the local phenomenon of interreligious tolerance, based on the analysis of the principles of traditional religions and by comparing the attitudes of different non-traditional religious streams to representatives of other religions.Solutions have been proposed based on scientific research, to improve interfaith differences and to strengthen the stability of interfaith relations.The possible consequences of meeting or colliding of different groups with different

cultures, with different attitudes and ideology as a result of the possible influence and interaction of them were investigated. The postulates of inter-religious relations, in Buddhism, Judaism, Christianity, Islam connected to these issues were analyzed. For example, were proposed methods to caution and prevent the occurrence of preconditions leading to inter-religious discrimination, the spread of impatience towards members of other religions, a decrease in tolerance, disunity and aggression.

Key words: inter-religious relations, inter-religious conflicts, religion and culture, forms of inter-confessional relations, inter-religious level.

Рысбекова Ш.С.¹ Дүйсенбаева А.К.²

¹доктор философских наук, профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: rsbkva.sh@gmail.com

²доктор PhD, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак»,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: albina87.03@yandex.kz

Межконфессиональные отношения: сущность и содержание

В данной статье исследованы формы проявления межрелигиозных отношений. Проанализированы конкретные определения по сложным эпизодам межрелигиозных отношений и конфликтов. Исследования проводились, принимая во внимание динамику и развитие разных религиозных направлений за последние несколько лет, историю, культуру и традиции в исследуемых регионах, а также путем сравнительного анализа с мировыми практическими методами исследований. Обращая внимание на самые различные проявления данного феномена в обществе, обсуждены различные пути решения проблемы. Были изучены межгосударственные, межконфессиональные, мировые и экуменистические опыты, основываясь на которых были определены пути разрешения важнейших задач, которые на сегодняшний день являются первоначально-актуальными на мировой арене. Представлено понимание локального межрелигиозного восприятия в традиционных и в нетрадиционных религиях. Были предложены решения основанные на научных исследованиях, для улучшения межрелигиозных разногласий и для укрепления стабильности межрелигиозных отношений. Были рассмотрены возможные последствия при встрече или столкновении разных культур, взглядов и мировоззрений, в результате возможного влияния и взаимодействия представителей принадлежащих к разным мировоззрениям. К примеру, были предложены методы предупреждения и предотвращения возникновения предусловий приводящих к межрелигиозным дискриминациям, распространению нетерпеливости по отношению к представителям других религий, снижению толерантности, разобщенности и агрессии.

Ключевые слова: Межрелигиозные отношения, межрелигиозные конфликты, религия и культура, формы межконфессиональных отношений, межрелигиозная стабильность.

Кіріспе

Дінаралық қатынастар түрлі формада көрініс табуы мүмкін: мәдениеттердің өзара қарым-қатынасы бұл қатынастардың алғашқы салыстырмалы деңгейін анықтайды. Ол жанжалмен де, салғырттық танытумен де, сұхбатпен де, өзара тығыз байланыс орнатумен де аяқталуы мүмкін. Барлығының да тарихи негізі бар. Сонымен қатар, дінаралық қатынастардың көрініс табуы айтарлықтай нақты шекаралармен шектелмейді. Дінаралық қатынастардың қандай құрылымда жүзеге асатындығын конфессиялардың жеке мүдделері анықтайды. Дінаралық араздық сол мүдделердің тоғыспауы салдарынан және оның алдын алу мүмкіндігі болмағанда немесе алдын алуға ниет танытпаған жағдайда туындайтыны мәлім. Аталмыш тақырыптың өзектілігі қазіргі таңдағы жаһандану үдерісіндегі дінаралық

қатынастар тақырыбының маңыздылығы мен және еліміздегі діни тұрақтылық мәселесінің де өзекті борлуымен тікелей байланысты.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Дінаралық қатынастарды зерттеудің әр түрлі жолдарын ұсынуға болады: біріншісі – жанжалдарды талдап, сараптау. Сол арқылы діни қақтығыстардың, келіспеушіліктердің алдын алуға болады. Екінші жолы – конструктивті тарихы мен қалыптасқан тәжірбиесі бар конфессиялардың өзара әсер етуін талдау. Зерттеуді жүзеге асырудың екінші әдісі толықтай өзара тиімді әрі толерантты қарым-қатынас орнатып қана қоймай, белең алуы мүмкін діни жанжалдардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Дінаралық қатынастарды талқылай отырып, олардың мәдениетпен, мәдени-конфессиялық

өзара әсер ету деңгейімен тікелей байланысты екендігін естен шығармаған жөн. Түрлі құндылықтар негізінен қоғам мінезінен көрініс табады десек, ол дінге де тікелей қатысты. Құндылықтардың негізі мәдениет жүйесінен орын алады да, этностың өзара коммуникативті байланысынан пайда болады. Кейін түрлі мәдениеттерге бейімделіп отырады, яғни жетекші байланыстарды анықтайтын қоғамдық қатынастармен өзара байланыста болады. Тоталитарлы қоғамда мемлекеттің қатаң бақылауында болғандықтан, дінаралық үнқатысу мәселесі қиындық туғызады. Ал дінаралық әріптестік көп жағдайда діни бірлестіктердің өз ішінде өзгелермен өзара келісім жүргізуге нақты негіз болу, болмауына қарамастан, мәжбүрлі түрде орнатылуы мүмкін. Тоталитарлы қоғам күйрегеннен кейін мұндай ықтиярсыз түрде орнатылған қарым-қатынастардың үзілетіндігі анық (Медведко, 1997:112). Осы мақалада когнитивті анализ, салыстырмалы талдау және элеуметтанулық әдістерді қолдана отырып, дінаралық қатынастар феноменін жан-жақты қарастыратын боламыз.

Негізгі бөлім

Дінаралық қатынастардың түрлі формалары экономика, саясат, мәдениет сияқты қоғамдық өмірдің сан саласында көрініс тауып, элеуметтік тұрақтылықтың негізгі факторлары ретінде маңызды рөл атқаратындығын ескерген жөн. Дінаралық қатынастардың субъектілері ретінде біріншіден, діни бірлестіктердің басқару органдары мен ресми төрағаларын, екіншіден, діни қызметкерлерді, үшіншіден, қатардағы діндарларды атауға болады (Овсиенко Ф.Г., 1996:135). Бұл қарым-қатынастар (мазмұнына қарай) ілімдік (діни жүйелер мен идеялардың арақатынастық формасы) және институттық (діни мүдделердің арақатынастық формасы) болуы мүмкін. Мәдениеттің бір түрі ретінде дін дәстүр және этностар санатымен тікелей байланыста. Сондықтан, христиандардың өзара қатынасы христиан-мұсылман қатынасымен салыстырғанда, айтарлықтай ерекшеліктерге ие. Дінаралық қатынастардың негізгі пәні – діни-ағартушылық және миссионерлік іс-әрекеттер мәселесі, қайырымдылық, бүгінгі заманның жаһандық проблемалары, сондай-ақ, өзге де элеуметтік және қоғамдық-саяси мәселелер. Әр дін екі деңгейде: теологиялық (діни ілімің негіздері мен принциптері және олардың дәйектемелерін қамтиды) және мәдени

(мәдениеттің нақты нұсқасы мен белгілі бір түрін қамтиды) тұрғыдан әрекет етеді. Екі конфессия кездескенде екі деңгей де әрекетке түседі. Конфессияаралық қарым-қатынастың әрмен қарай жолға қойылуын оның субъектілері қай деңгейге басымдық беретіндігі шешеді. Теологиялық тұрғыдан өткен кездесуде өзара сұхбат құрылса да, ондай кездесу көп жағдайда бірін-бірі жоққа шығарумен, пікірталаспен, араздықпен аяқталуы мүмкін. Мәдени тұрғыдан кездескен жағдайда, өзара сұхбат нәтижелі өтіп, мүдделестік, әріптестік қатынас орнайды.

Мәдениеттердің кездесуі мен өзара ықпалдастығы нәтижесінде туындайтын дінаралық қатынастарды төрт негізгі құрылымға бөліп қарастыруға болады: жанжал, бойкүйездік, әріптестік және сұхбат. Араздасу жағдайында діндердің бір-бірін қабылдауы әр түрлі формада көрініс табады: бассыздық, агрессия, ниеттестік, теріс ниеттілердің әрекеттерін елемей. Сонымен қатар жанжал шығарушы субъектілердің дініне байланысты ашық басқыншылық, ниеттестік пен жасырын түрдегі теріс ниет әр кезде түрлі көрінуі мүмкін. Әсіре бассыздық пен басқыншылық «мәдени тамыры» әр түрлі және байланыс орнатудың тарихи негізі қалыптаспаған діндарлар арасында өрбиді. Егер араздасушылар «өз» дінінің өкілінен болса, агрессия жұмсарып, ниеттестік күшейе түседі. Өзара келіспеушіліктен кейін де діндарларда өзге діндегілерге қатысты агрессияның жұрнағы сақталады. Ол кейін келесі бір жанжалға себеп болуы мүмкін. Даулы шиеленіс дінаралық дискриминацияны, төзімсіздікті күшейтіп, толеранттылықты жояды.

Дінаралық тұрақтылық шайқалған кезде сұлулық пен адамдар арасындағы мейірімділікті насихаттайтын діни ілімдер қорлау мен геноцид құралына айналады. Өзге діндегі адамды қабылдау сол адамның нақты қандай діни қауымға жататындығына тікелей байланысты. Көптеген дәстүрлі емес дін өкілдерінің өзге діндегі адамдарды қабылдауы дәстүрлі діндерге қарағанда жергілікті көлемде әрекет етеді. Деструктивті формадағы локальды дінаралық қабылдау дәстүрлі діндер ішіндегі радикалды топтардан да байқалады. Даулы шиеленістер дәстүрлі діндар арасында өрбитін болса, деструкцияның ауқымы кеңі түседі.

Бүгінгі таңда конфликтологияны жіті зерттеп жүрген ғалымдар ХХІ ғасыр жанжалдарының мәндік сипатында өткен ғасырлармен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеліктер бар екендігін айта келе, дінаралық, діни негізде

туындайтын жанжалдарға ерекше тоқталып өтеді. Ғалымдардың сөзімен айтсақ, «XX ғасыр мен ерте тарихи кезеңдерге қарағанда, мемлекет ішіндегі асимметриялық жанжалдар қазіргі таңда халықаралық саясатта маңызды орын алады:

1) Бұрын жанжал деген сөзді саяси сөздіктен қарағанда, мемлекетаралық соғыстар дегенді білдірсе, қазір «ғаламдық күш көрсету», «тұлға қауіпсіздігі» деген түсінікте қолданамыз.

2) Қазіргі жанжалдар бұрынғыдай саясат төңірегінде емес, діни, сонымен қатар этникалық негізде жиі туындайды. Діни сипаттағы жанжалдардың көптеп орын алуы XX ғасыр бойы батыстық әлеуметтік-саяси ғылымда кең етек алған модернизация теориясына күмән туғызады.

3) қазіргі жанжалдарға қылмыстық топтар да қатысуда. Халықаралық қатынастар ұлттық әскери күшпен ғана емес, сонымен қатар халықаралық институттар, трансұлттық корпорациялар, азаматтар мен террористер тобы және жеке жүйелер қатысатын қиын саяси процестермен де анықталады» (Түсіпбекұлы Ж., 2012: 2).

Ал өз кезегінде «діндер арасындағы жанжалдар мен қарама-қайшылықтар деп айттып жүргендердің көбі мемлекет арасындағы, экономикалық топтар арасындағы, нақты саясаткерлер арасындағы жанжалдар болып жүргені» анық (Н.А.Назарбаев, 2006: 1). Дінаралық бойкүйездік мүдделердің белгілі бір дәрежеде шектелген шарттарды сақтап, мәмлеге келуіне негізделеді. Дінаралық әріптестік бір діннің өзге діндермен өзара іс-әрекет етуге мүдделік танытуы нәтижесінде пайда болады. Ал сұхбат болса, өзгеге қызығушылық танытып, халық пен ел тағдырына деген жауапкершілікті сезінгенде пайда болады.

Әр түрлі дін өкілдерінің арасындағы сұхбаттың мақсаты – «рухани бірлік пен келісімді жүзеге асырып, діннің жан-жақты бесаспаптық қасиетін қолдау. Дін барлық сенім түрлерін қамтитыны мәлім, әрі әр түрлі сенімдерді табыстыра отырып, үлкен талпыныспен алға жылжиды. Олар өз пайғамбарлары арқылы сүйіспеншілік, өзара сыйластық, сабырлық, кешірімділік, мейірімділік, адам құқығы, бейбітшілік, бауырмашылдық және еркіндікті ұлықтайды» (Нургазина Ж., 2016:2).

Дінаралық қатынастардың соңғы екі формасы: дінаралық сұхбат пен дінаралық әріптестік екіжақты мүдделердің бір арнаға тоғысуын танытып қана қоймай, бір-бірін идеялар жағынан кемелдендіру мен өзара әрекеттестіктің жарқын

үлгісін көрсетеді. Сондықтан да дінаралық әріптестік пен дінаралық сұхбат мәселесіне кеңінен тоқталатын боламыз.

Дінаралық қатынастардың бір көрінісі – дінаралық әріптестіктің өзі дінаралық сұхбат нәтижесінде туындайды, сонымен қатар, дінаралық әріптестікті орын алуы мүмкін дінаралық араздықтардың алдын алып, оларды болдырмаудың сындарлы тәжірбиесі ретінде қарастыруға болады.

Дінаралық қатынастардың конструктивті формаларын қарастырмастан бұрын, экуменизмге тоқтала кеткен жөн.

Экуменизм идеологиясының негізінде әртүрлі христиан шіркеулерді (конфессиялар) жақындастыру мен біріктіру қозғалысы, адамзат бірлігін қамтамасыз етуге бірлескен қағидаттарды және іс-әрекеттерді дамыту үшін конфессияаралық қарым-қатынас, бірлік және ынтымақтастық орнату туралы көзқарастар жатты.

II дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін БҰҰ-ның құрылды. Сонда христиандық экуменистік қозғалыстың идеялық және ұйымдастырушылық алғышарттары пайда болды. 1948 жылы Амстердамда үш христиан қозғалысының («Сенім және тәртіп», «Өмір және қызмет», Халықаралық миссионерлік кеңес) жұмылуы нәтижесінде Бүкіләлемдік шіркеулер кеңесі пайда болды.

Бүкіләлемдік шіркеулер кеңесінің құжаттары адамзаттың ғаламдық мәселелерін діни-этикалық тұрғыдан қарастырады: бейбітшілік және қарусыздандыру, экология, әлеуметтік және ғылыми-техникалық тәртіптің өзара әрекеті, жаңа экономикалық және ақпараттық тәртіптің орнығу салдары, діни «ғаламдық» сананы қалыптастыру шарттары, келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіндіру, ядролық қарусызжәнежаппайқырып-жоюқұралдарынсыз, зорлық-зомбылықсыз әлем орнату және т.б. 2001 жылдың сәуір айында Еуропа шіркеулері Конференциясы мен Еуропалық епископтық конференциялар Кеңесі Еуропалық экуменистік Хартия қабылдады. Оның ережелерінің арасында Еуропадағы ықпалдастық үдерістеріне, өмірдің барлық салаларында әйелдерге ерлермен тең құқық беруге жәрдемдесу, экономикалық қозғалыстарға қатысу, антисемитизмге қарсы тұру, басқа діндермен, оның ішінде исламмен диалог орнату қарастырылған (Саяси түсіндірме сөздік, 2007: 201).

«Экуменистік қозғалыстар» деген түсінікке Самыгин: «Кейбір христиан шіркеулерінің

бірлігін сезінуі мен жаңа келісімге келуге деген әрекеті» деген анықтама береді (Папа Павел VI, 1965: 3).

«Экуменизмнің негізінде діни философия аясында өзара келісімге келу тетігін табуға деген ұмтылыс жатыр. Сондықтан да, экуменизм тәжірибесін сұхбатқа жақын келетін дінаралық өзара әрекеттестік ретінде қарастыруға болады» (Овсиенко Ф.Г., 1996:139).

Экуменистік қозғалыс негізінде дінаралық өзара әрекеттестіктің екі бағытын бөліп қарастыру қажет: біріншіден, христиан шіркеулерінің ықпалдаса әрекет етуіне және олардың болашақта қосылуына әкеп соғуы мүмкін ілімдік бірігудің негізін іздеу; екіншіден, діни плюрализмге иек артатын дінаралық әріптестік орнату. Экуменистік қозғалыс үлгісіндегі дінаралық әрекеттестік тәжірибесін сұхбатқа жақын келетін қатынастың бір көрінісі ретінде қарастыруға болады десек те, экуменизм негізінде «жасырын» жанжалдан арылу жолдарын іздеу жатыр. Экуменистік қозғалысқа қатысқан конфессиялардың ілімдік тұрғыдан туыс келуі де оларға одан әрмен әрекет етулеріне толыққанды жол ашпайды, керісінше, бірігу мүмкіндігіне кесірін тигізеді. Экуменизмнің басты проблемаларының бірі – ілімдік тұрғыдан келісімге келу жолдарын (ескі мәдени парадигмаларды ұстану немесе ілімдік негізде ресми ықпалдасу) іздеуге ұмтылыс жасау екендігі айқын. Бұл ұмтылыс мұндай қатынастарды мазмұндық жағынан шектейді. Сұхбатқа құрылған дінаралық қатынастар өз кезегінде мәдениет пен діннің көпқырлы келетіндігін мойындауды қажет етеді.

Дінаралық қатынастардың экуменизмге жақын келетін тұсы ілімдік сұхбат құруда үндестік әрекеті. Бұл қатынастың ерекшелігі өзара үндестік ұзақмерзімді талқылауға түссе де, іс жүзінде бірігуі өте сирек кездеседі. Дінаралық қатынастарды сөз еткенде, өзара үнқатысудың басты шарты – діндердің сұхбат құруға дайындығы ескерілген жөн. Осы тұрғыдан алғанда католик дінінің ұстанымы орынды мысал болмақ. VI Павел «барлық адамдармен сұхбаттасу» туралы ойларында, католик шіркеуінің әлеммен сұхбаттасуының мынадай негізгі салаларын бөліп қарастырады: барлық католиктерді қамтитын «католик шіркеуінің өз ішінде сұхбат құруы»; «бөлініп кеткен ағайындармен сұхбат» яғни, христиан дінін ұстанушылардың бір-бірімен келісімге келуі; қандай да бір құдайды мойындайтын әрі «дәстүрінде діни және адами құндылықтарды

сақтайтын» адамдардың бәрімен сұхбаттасу; төртіншіден, дінге сенбейтіндермен сұхбат. Дінге сенбейтіндерді VI Павел былайша топтастырады: 1) католик дінінің ілімдерін білетін, бірақ, католицизмге, жалпы христиандыққа өз еркімен мойынұсынбайтын адамдар, өйткені олар дінге немқұрайлы қарайтындар; 2) христиан дінін білетін, бірақ ғылыми, саяси тұрғыдан саналы түрде оған қарсы шығатын, дінді ғылыми, әлеуметтік дамуды тежейтін тежегіш ретінде санайтын адамдар. Бұл жіктеуді жалпылама түрде түсіндірер болсақ, дінаралық қатынас біріншіден, белгілі бір діннің өз ішіндегі; екіншіден, белгілі бір діннің өзге діндермен; үшіншіден, діндарлардың дінге сенбейтін адамдармен арадағы қатынасына негізделеді, яғни аталмыш қатынастың қамту шеңбері кеңейген сайын мәселе де күрделене түспек.

Қазіргі католик шіркеуінің негізгі ұстанымдарының ішіндегі христиандық емес конфессиялармен сұхбат құруға деген дайындығы (II Ватикандық Бүкіләлемдік Соборында қаралған ілімдік деңгейде шіркеудің христиандық емес діндермен қатынасы мәселесінен кейін) назар аударарлық. Дінаралық үнқатысуға шақыратын қадамның айқын үлгісі ретінде 1965 жылы қазан айында Ватикандық Собордың 4 сессиясында қабылданған «Шіркеудің христиандық емес діндерге қатынасы туралы» Декларациясын атап өтуге болады. Аталмыш құжат бес бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімінде «адамзат уақыт алға озған сайын бір-біріне жақындасып, түрлі ұлттардың бір-біріне деген тәуелділігі артып келе жатқан қазіргі заманда Католик Шіркеуінің христиандық емес діндермен өзара қатынасқа жіті назар аударатындығы, адамдар арасындағы, анығырақ, ұлттар арасындағы бірлік пен сүйіспеншілікке әсер ету міндетін атқара отырып, Шіркеу бұл декларацияда бүкіл адамзатқа ортақ әрі бауырластыққа бастайтын игілікті сөз ететіндігі» айтылады (Папа Павел VI, 1965: 43).

Екінші бөлімінде («Түрлі христиандық емес діндер») индуизм мен буддизмге қысқаша анықтама беріліп, «Католик Шіркеуі аталмыш діндердегі ақиқат пен қасиет саналатындардың ешқайсысын шектемейтіндігіне» ерекше тоқталып өтеді. Декларацияның ұзақ уақыт бойы талқылаудан өткеннен кейін ғана қабылданған үшінші бөлімінде «Шіркеудің мейірімді әрі рақымы шексіз, жер мен көкті жаратушы жалғыз Құдайға құлшылық ететін мұсылман қауымына құрметпен қарайтындығы» айтыла келіп, мұсылмандықтың ілімдік ұстанымдары сөз болады, екі дінді қандай да бір деңгейде байла-

ныстыратын ортақ мәселелер мен теологиялық үнқатысудың негізгі салалары аталады (монотеизм, христология мен мариология, эсхатология, этикалық ілімдер, культ), сондай-ақ, Қасиетті Собор «христиандар мен мұсылмандар арасында ғасырлар бойы орын алып келген алауыздықтар мен келіспеушіліктерге қарамастан, өткенді ұмытып, өзара түсіністікке ұмтылуға, бүкіл адамзат игілігі үшін қоғамдық әділеттілікті, моральдық құндылықтар мен бейбітшілікті, еркіндікті қорғап, жүзеге асыруға шақырады» [Папа Павел VI, 1965: 5]. Үнқатысудың екі формасын бөле қарастыратын католиктік сұхбат құру теориясына орай, бұл бөлім де екі мағыналық бөліктен тұрады: 1) исламдық діни ілімге оң баға беру; 2) бірлескен әлеуметтік тәжірибенің негізгі бағдарлары. А.В.Журавский «Христианство и ислам» атты еңбегінде аталмыш Декларацияның әсіресе үшінші бөліміне кеңінен тоқтала келіп, «...декларацияның мәтіні бір қарағанда тым жалпылама көрінгенімен, онда ілімдік деңгейдегі ислам мен христиан діндерінің өзара қатынастарының маңызды аспектілері сөз болады. Декларацияға қатысты мұсылман әлемінде туған резонанс соның дәлелі» деген пікір білдіреді (Журавский А. В., 1990:45).

Декларацияның барлық адамдарды бауырмалдылық пен сүйіспеншілікке шақыратын қорытынды бөлімінде «жекелеген адамға немесе ұлтқа нұқсан келтіретін кез келген теория мен практиканың айыпқа ұшырайтындығы» ескертіледі. Түйіндеп айтқанда, аталмыш Декларация арқылы Католик Шіркеуі дінаралық үнқатысудың негізгі аспектілерін алға тарта отырып, өз тараптарынан дінаралық сұхбат құруға дайын екендіктерін көрсете білді.

Ислам діні тұрғысынан алып қарастырар болсақ, бұл діннің де негізгі ұстанымдарының бірі – өзгелерге құрметпен қарау. Құран сөзіне иланатындар монотеизмдік діндерді өзара жақындастыра түсетін қасиетті кітапта келтірілген мына сүреге иек артатыны анық: «Бұрын кітап түсірілген адамдармен өте сыпайы сөйлесіңдер. Ал олардың арасындағы керібаққандардың жайы басқаша. Біз өзімізге берілген кітапқа да, сендерге берілген кітаптарға да иландық. Сендердің тәңірлерің де, біздің Тәңіріміз де біреу-ақ. Біз бір Аллахқа ғана бойсұнғандармыз дендер...» (Құран Кәрім. «Ғанкәбут» сүресі, 46-аят). Құран адамдарды мұсылмандыққа дейінгі пайғамбарлар мен олардың Кітаптарын қабылдауға шақырады. Мұндай талап, әсіресе дінаралық диалогты

қалыптастыруда аса маңызды.

Мұсылмандармен бірге бір мемлекетте тұратын «Кітап иелері» өкілдері жайлы шарифат бірқатар шешімдер шығарған:

1. Олардың тәрк етуіне немесе белгілі бір сенімге мәжбүрленуіне жол берілмейді. Өйткені, Құранда: «Дінде зорлық жоқ» делінген. («Бақара» сүресі, 256-аят).

2. «Кітап иелері» діни рәсімдерін өткізуге құқылы. Шіркеулері бұзылмайды, пұттары қиратылмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің хадисінде: «Оларды діндерімен бірге тек қойыңдар» деген. Яғни, оларды ғибадат жасап жатқан діндерінен қайтармаңдар деген.

3. Ислам олардың діндерінде рұқсат етілген тағамдарын пайдалануына да мүмкіндік береді.

4. Өз дініндегілеріне үйлену, ажырасу еркіндігі сақталады.

5. Ислам олардың абырой мен құқығын қорғайды. Ұрыс-жанжал болған жағдайда да олармен әдеп сақтап, сыпайы сөйлесуге шақырады. Мұсылмандармен бірдей басқа түскен қайғы-қасіретке де тең құқықты.

6. Ислам діні мұсылмандарға оларды зиярат етуге, сырқаттанып қалса көңілін сұрауға және бір-бірімен сауда-саттық жасау секілді т.б. істерге рұқсат етеді (Байжігітұлы Н., 2011:3).

Қай дінде болмасын, дінсіздермен салыстырғанда, тақуа адамдардың практикалық өмір тәртібінен, олардың адамгершілік, танымдық және өмірмәндік ұстанымдарынан ұқсастықтар тауып алуға болады. Бұл ортақ тұстар догматика деңгейінде немесе діни ғұрыптар мен ғибадаттарды жасаудың сыртқы формасында емес, олардың өмірге деген қатынасының ішкі, рухани деңгейінен аңғарылады. Және дәл осы нәрсе олардың сұхбатын қамтамасыз ете алады (Әдістемелік материалдар жинағы, 2011: 76).

Қорытынды

Руханилық материалдықпен салыстырғанда, табиғаты мен жаратылысынан бөлек. Руханилық материалдық үдерістің «жоғарғы қабаты» ретінде, қоғамдық-тарихи үдерістің «қондырғысы» ретінде қарастырудың тығырыққа тірелгені мәлім болды. Тарихи үдеріс барысында мәдениеттің жаратылатыны рас, бірақ мәдениет руханилықтың мәнімен сәйкес келмейді. Діндер арасындағы рухани үнқатысу діннің ілімдік бағанынан төменге түсіп, адаммен «кездескен» жерінде, яғни адамгершілік, танымдық және өмірмәндік мәселелердің «рухани кеңістігінде» мүмкін болады. Барлық нәрсені,

оның ішінде адамды да Құдай жаратты, Ол бүкіл болмысқа өмір берді. Жаратушыға деген сенім және өмірдің мәні Құдайға құлшылық жасауда екенін түсіну христиандар мен мұсылмандар арасындағы және басқа да діндер арасындағы ортақ көзқарасты білдіреді.

Иудаизм, христиан діні және ислам сияқты ибраһимдік діндерде ортақ тұстар көптеп кездеседі: дүниенің, адамның жаратылысындағы бірегейлік, ортақ пайғамбарлардың мойындалуы, кітаптардың, періштелердің, жындардың болатынына сену, ақырында жақсылық пен жамандықтың тағдырмен болып, есепке тартылудың, ақырзаманның, жұмақ пен тозақтың болатынына сену және т.б. Ислам мен христиан діні арасында таным мәселесіне де қатысты ортақ тұстар бар екенін айта кеткен жөн. Жалпы ислам мен христиандықтың арасындағы мүмкін болар сұхбаттың ірі үш деңгейін бөліп қарастыруға болады. Олар – канондық-догматтық деңгейдегі сұхбат; адамгершілік, танымдық және өмірмәндік деңгейлердегі сұхбат; тұрмыстық және қоғамдық болмыстағы сұхбат.

Христиандар мен мұсылмандардың алғашқы ресми кездесуі 1970 жылы 20 желтоқсанда Ватиканда жүзеге асқан болатын. Келесі бір маңызды шара 1972 жылдың 18 шілдесінде Ливандағы ислам-христиан кездесуінде, 1974 жылдың 9-15 қыркүйегінде Кордовадағы ислам-христиан конгресінде, 1974 жылдың 11-17 қарашасында Тунистегі христиан-ислам коллоквиумында және 1986 жылы Италияның Ассизи қаласында

экумендік бата жасауға көптеген дін өкілдерінің жиналуы діндер арасындағы сұхбатқа жол ашқан еді.

Мүшелерінің өз ойын еркін білдіріп, рухани дамуына мүмкіндік беретін сұхбатты дінаралық қатынастардың тиімді формаларының бірегейі ретінде атап өттік. Дінаралық үнқатысу туралы сөз қозғағанда, оның көпқырлылығына қарамастан, постмодернизмнің мәдени парадигмаларының көрінуі мен теңқұқылы тіршілік етуге ұмтылу, тарихи дәстүрді сақтау сияқты түсіндірмелерді қамтитын кешенді көзқарастарды пайдалану қажет. Сөзсіз, сұхбат құру тәрізді әр тарихи тәжірибенің өзіндік ерекше пішіні мен деңгейлері болады. Мәдениеттердің тоғысуы – мәселенің бастамасы ғана, мәдениеттер арасындағы сұхбат жалпы мен саналуандылықты іздеу арқылы, бірін-бірі идеялармен кемелдендіру мен әлеуметтік талқылау арқылы даму сатысында сан белестерден өтеді. Жалпы мәдениеттер арасындағы сұхбат туралы идея XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кең таралғандығы белгілі. Бұл бағыттың көрнекті өкілі ретінде М.М.Бахтиннің есімін атауға болады. Сұхбаттың философиялық әдісін ұсынған Бахтин, «ақиқатқа қатысты зерденің теңдігін жоққа шығаратын» монологизмді жеңу идеясын алға тартады. Оның тұжырымдауынша, «мәдениеттер үнқатысуының негізгі ерекшелігі оның зерделілігінде» (Бахтин М.М., 1995: 27). Ал өз кезегінде, мәдениеттің тоғысуы діндердің дәстүрлердің үнқатысуы ретінде қабылданады.

Әдебиеттер

- Медведко С.В. (1997) Межконфессиональные отношения как диалог культур: автореф. ...канд. филос. Наук: .09.00.06. – М., МГУ, 134 с.
- Овсиенко Ф.Г., Одинцов М. И., Трофимчук Н. А. (1996) / РАГС при Президенте РФ. Государственно-церковные отношения в России / М., 252 с.
- Түсіпбекұлы Ж. (2012) Бүгінгі жанжалдар саяси-идеологиялық емес, діни негізде жүреді // Алаш айнасы. 12 қаңтар.
- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев. (2006) Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің ІІ съезінде сөйлеген сөзі. – Астана, 12 қыркүйек,
- Нуртазина Ж. Диалог керек //http://kz.fgulen.com/kz
- Саяси түсіндірме сөздік. (2007) – Алматы : Дайк-Пресс, 616 б.
- Декларация об отношении Церкви к нехристианским религиям «Nostra Aetate» провозглашенная Папой Павлом VI. (1965) 28 октября.
- Журавский А. В. (1990) Христианство и ислам. Социокультурные проблемы диалога. – М.: Наука, 128 с
- Байжігітұлы Н. (2011) Дінаралық татулық – үйлесім мен тыныштықтың кепілі // Жас қазақ үні 7 қараша.
- Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі. (2011) Әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 103б.
- Бахтин М.М. Из жизни идей. – М.: Лабиринт, 1995. 151 с.

References

- Medvedko S.V. (1997) Mejkonfessionalnie otnosheniya kak dialog kwltwr: avtoref. ...kand. filos. nauk: .09.00.06. – M., MGW,– 134 s.
- Ovsienko F.G., Odincov M. I., Trofimchwk N. A. (1996) / RAGS pri Prezidente RF. Goswdarstvenno-cerkovnie otnosheniya v Rossii / M., 252 s.
- Tusipbekulı J. (2012) Bugini janjaldar sayasi-ideologiyalıq emes, dini negizde juredi /Alash aynası. 12 qantar.
- QR Prezidenti N.A.Nazarbaev. (2006) Alemdik jane dasturli dinder jetekshilerinın II sezinde söylegen sözi. – Astana, 12 qırkuyek,
- Nwrtazina J. Dialog kerek //http://kz.fgulen.com/kz
- Sayasi tusindirme sözdik. (2007) – Almatı : Dayk-Press, 616 b.
- Deklaraciya ob otnoshenii Cerkvi k nexristianskim religiyam «Nostra Aetate» provozglashennaya Papoy Pavlom VI. (1965) 28 oktyabrya.
- Jwrvskiy A. V. (1990) Xristianstvo i islam. Sociokwltwrnie problemı dialoga. – M.: Nawka, 128 s
- Bayjigitulı N. (2011) Dinaralıq tatwlıq – uylesim men tınıstıqtın kėpili // Jas qazaq uni 7 qarasha.
- Ékstremitizm men terrorizmge qarsı areket etwdegi dasturli dinderdin roli. (2011) Adistemelik materialdar jinağı. – Almatı: QR BĜM ĞK Filosofiya jane sayasattanw institwtı,– 103b.
- Bahtin M.M. Iz zhizni idei. – M.: Labirint, 1995. 151 b.